

Бұланды ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № А-12/390 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 6981 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 1 наурыздағы № А-03/61 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 01.03.2019 № А-03/61 (ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3 - бабы 2 - тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Бұланды ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай - ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Ш.Тасылбековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж.Нұркенов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Бұланды ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

A.Метаев

"25" желтоқсан 2018 жыл

Бұланды ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері 1-тaraу. Көтермеледің түрлері

1. Бұланды ауданы әкімінің алғыс хаты.
2. Ақшалай сыйақы.

2-тaraу. Көтермеледің тәртібі

3. Осы тәртіп Бұланды ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледі ұйымдастырудың мәселелерін реттейді.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледі мәселелерін Бұланды ауданы әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі - комиссия) қарайды.

5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Бұланды ауданының полиция бөлімі" (бұдан әрі - ПБ) мемлекеттік мекемесімен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермеледе туралы ұсыныс комиссияның қарауына енгізіледі.

6. Комиссиямен қабылданған хаттамалық шешім көтермеледе үшін негіз болып табылады.

7. Ақшалай сыйақыны төлеуді ПБ облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін ПБ бастығының комиссия қабылдаған шешіміне сәйкес қосымша бүйріғы шығарылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға ақшалай сыйақыны беру, Бұланды ауданы әкімінің алғыс хатын табыстау ПБ салтанатты жиынтында жүзеге асырылады.

3-тaraу. Ақшалай сыйақының мөлшері

10. Ақшалай сыйақы мөлшерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін, сонымен қатар оның немесе оның қатысуымен құқыққа қарсы әрекет нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың алдын алған көлемін есепке ала отырып, ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және 20 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК